



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

4. Конституция Республики Казахстан от 30.08.1995 г. //Информационная система «ПАРАГРАФ».
5. Кодекс Республики Казахстан от 26 декабря 2011 года № 518-IV «О браке (супружестве) и семье» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 17.11.2014 г.)
6. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть), принят Верховным Советом Республики Казахстан 27 декабря 1994 года (с изменениями и дополнениями по состоянию на 29.12.2014 г.)

УДК 347.6

ҚАЗАҚСТАНДА НЕКЕ ШАРТЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.

Китибаева Алтынай Дынқуатқызы

Kitibaeva.altyna@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, заң факультеті, құқықтану мамандығының 2 курс студенті

Ғылыми жетекші – Қалтаева А.Т., аға оқытушы

Бәрімізге мәлім, дамыған демократиялық қоғамда барлық адамдардың құқықтары, сөз бостандығы және мүліктік игіліктеріне билік ету кепілдіктері тең болып келеді. Яғни, жыныстық, ұлт, нәсіл ерекшеліктеріне қарамастан мұндай қоғам азаматтары тең құқықты болып келеді. Мемлекетіміздің тәуелсіздік алып, қоғам дамуының демократиялық жолына тандау жасағанына мінеки 20 жылдан асты. Мұндай қысқа уақыт мерзім ішінде еліміздің саясатында, қоғамдық қатынастарда бірталай мардымды өзгерістер орын алып, бұл тұрақты ілгері дамуға ықпалын тигізді. Соның ішінде отбасы қатынастарын реттеу мәселелері ерекше қарастырылған болатын. Отбасы қатынастарының берік болуы мемлекет тұрақтылығының бірден-бір кепілі. Отбасы қоғамда үлкен рөл ойнайды. Отбасы құқығы — отбасы мүшелерінің арасындағы жеке мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды реттейтін нормалар жүйесін көрсететін, құқықтың бір саласы. Сонымен қатар, заңда анықталған жағдайларда – басқа да туыстар арасындағы қатынастарды реттейді. Алайда, өкінішке орай елімізде жас отбасыларының бұзылу жағдайлары кездесіп жатады. Мұның себептері жағдайға байланысты түрлі болу мүмкін. Осындай келеңсіз жағдаяттарды ескере отырып, бұдан туған дауларды да шешуге мемлекет заңнамасы дайын болу керек. Мұндай даулардың пайда болу негізгі себептерінің бірі – мүліктік құқықтық қатынастардың дұрыс реттелу-реттелмеуі. қарастырылып отырған мақаланың басты мәселесі осы қоғамда өзекті мәселелердің біріне айналған неке шартының қоғамдағы рөлі болып табылады.

Отбасы, ол – баспана әрі тұрақты мекен. Неке отбасын құру мақсатымен заңда белгіленген тәртіппен ерікті және толық келісім жағдайында жасалған еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықтық одақ болып табылады. Неке ерлі-зайыптылардың арасындағы мүліктік және мүліктік емес қатынастарды туғызады. Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері Азаматтық хал актілерін жазу органдарында некеге тұру мемлекеттік тіркелген кезден бастап туындайды және де заңмен белгіленген тәртіпте тіркелген неке ғана құқықтық салдарға әкеп соғады[1].

Ерлі-зайыптылардың мүлкі жөніндегі қатынастың шарттық сипаты болуы, сондай-ақ қолданыстағы неке-отбасы заңының нормаларымен реттелуі де мүмкін. Мүлік режимі белгілі бір мүліктің ерлі-зайыптылардың біреуіне (өзіндік мүлік) тиесілі екенін немесе екеуіне де ортақ мүлік болатынын анықтайды. Ерлі-зайыптылар мүліктің режимі мен құқықтық мәртебесін, оның біреуіне тиесілі болуын өзара келісімі бойынша анықтай алады. Мұндай келісім болмаған жағдайда, ерлі-зайыптылар меншігінің заңды режимі некеде тұрған кезде жинаған мүлік олардың бірлескен ортақ меншігі болып табылады.

Дамыған елдердің бәрінде некелеспес бұрын, өзара келісім-шартын жасасады. Бұл құжатта азаматтар ажыраса қалатын жағдайда мәміледе неке өмірінің барлық маңызды

сәттері ескеріледі: екі тараптың дәулет жағдайы, кәмелетке толмаған балалар кіммен болатынын, рақымсыз жұбайға қандай айып-шара қолдануға болады. Шетелдерге неке шарты арқылы мүліктік қатынастан бөлек, жеке мүліктік емес қатынастарды да реттейді.

Бұрынғы ҚазКСР-нің 1969 жылғы «Неке және Отбасы» кодексінде жұбайлардың мүліктік құқықтық режимі барлығына бірдей анықталған. Сондықтан да, кеңес дәуірі кезінде «неке шарты» деген ұғым болған емес. Десек те, сол кезде тәжірибеде және өзге де нормативтік құқықтық актілерде «неке шарты» «неке контрактісі» деген терминмен қолданылып келген. ҚазКСР-нің «Неке және Отбасы» туралы кодексінің күші жойылғаннан соң, да «неке контрактісі» деген термин қолданыста болды[2]. Қазақстан Республикасының азаматтарында неке шартына отыру мүмкіндігі 1993 жылы 22 қазанда туды. Бұл мүмкіндік Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдаған «Неке және Отбасы туралы заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы Заң» арқылы пайда болды. Неке шарты туралы бұл заңда бір ғана бап бар еді және де ол бір ғана сөйлемнен тұратын. Ал, қазір 2011 жылдың 26 желтоқсанында қабылданған «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексте неке шартына арналған бес бап бар. Бұл баптар жоғарыда айтылған шартқа байланысты жағдайларды толығымен қамтып, реттеу жолдарын көрсетеді. Неке шартының ұғымы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекстің 39-бабында беріледі: некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың келісімі немесе ерлі-зайыптылардың некедегі (ерлі-зайыптылықтағы) және (немесе) ол бұзылған жағдайдағы мүліктік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісім неке шарты деп танылады. Неке шартына отыру арқылы ерлі-зайыптылар мүлкінің шарттық режимі қалыптасады. Ол режим ерлі-өзайыптылар мүлкінің заңды режимінен өзгеше болады.

Неке шарты неке азаматтық хал актілерін жазатын мемлекеттік органдарда тіркелгеннен кейін де, тіркелгенге дейін де кез-келген уақытта жасалуы мүмкін. Бірақ, неке шарты неке мемлекеттік тіркеуден өткен соң ғана күшіне енеді[3].

Неке шартының нысанына келетін болсақ ол міндетті түрде жазбаша жасалып, нотариус куәландырылғаннан кейін заңды деп саналады. Сонымен бірге неке шартын мәжбүрлеп, тараптың еркіне қарсы жасауға болмайды. Бұл жағдайда жасалған неке шарты жарамсыз деп есептеледі. Нотарус неке шартының заңға сәйкестігін тексеріп қана қоймай, сонымен қатар тараптарға оның мәні мен мағынасын түсіндіруі қажет. Егер неке шарты белгілі бір қозғалмайтын мүлік жайлы болса, онда ол Азаматтық Кодекстің (АК) 118-бабына сәйкес мемлекеттік тіркеуден өтуі тиіс. Жалпы некеи шартын тіркеу қажеттілігі оның мазмұнына байланысты туындайды. Егер неке шарты жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару туралы мәселені шешсе, оның өзі жылжымайтын мүлікпен жасалған мәміле болып табылады да, Азаматтық Кодекске сәйкес мемлекеттік тіркеуден өтуді қажет етеді[4].

Неке шартында көзделген құқықтар мен міндеттер белгілі бір мерзімдермен шектелуі (мерзімді шарт) не мерзімнің көрсетілмеуінсіз (мерзімсіз шарт) жасалынуы мүмкін.

Неке шарты жұбайлардың тек қана мүліктік қатынастарын реттейді де, қандайда да бір басқа отбасылық қатынастарды реттей алмайды. Неке шарты арқылы ерлі-зайыптылар мүлкінің заңды режимін өз келісімдері арқылы толық мүдделеріне сай өзгертулеріне болады.

Екі жақ неке шарты жасалған кезде өздерінің қалаулары бойынша мүлкіне бірлескен, үлестік немесе бөлектелген меншік режимін белгілеуге құқылы. Аталған меншік режимдері жұбайлардың мүлкіне толығынан, не кейбір бөлігіне ғана, әлде әрқайсысының мүлкіне таралуы мүмкін. Ерлі-зайыптылар неке шартында бірлескен отрақ меншік режимін заңда көрсетілгендей емес, мүлкінің тек кейбір бөліктеріне ғана (мысалы, тек жылжымайтын мүлікке немесе бағалы қағаздарға және т.б.) немесе әрқайсысының мүлкіне қолдануы мүмкін.

Сөйтіп, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекст ерлі-зайыптыларға әртүрлі мүлік режимдерін (бірлескен, үлестік және бөлектелген) пайдалануларына болады.

Мүліктің шарттық режимі ерлі-зайыптылардың барлық мүлкіне ғана емес, кейбір бөлігіне ғана қолданылуы мүмкін. Мұндай жағдайда неке шартынан тыс қалған мүлік, ерлі-зайыптылар мүлкінің заңды режиміне бағынады.

Үлкен тәжірбиелік маңызға бар нормалардың бірі неке шартының қолда бар мүлікке ғана емес, сондай-ақ болашақта алынатын заттар жайылы жасалынуы.

Неке шартында жұбайлар өзара күтіп бағу жөніндегі өз құқықтары мен міндеттерін, бір-бірінің кірістеріне қатысу әдістерін, олардың әрқайсысының отбасылық шығындар жасау тәртібін айқындауға; неке бұзылған жағдайда ерлі-зайыптылардың әрқайсысына берілетін мүлікті белгілеуге, сондай-ақ неке шартына ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынастарына қатысты өзге де ережелерді енгізуге құқылы.

Неке шартында жұбайлар заңда көрсетілген өзара күтіп бағу жөніндегі құқықтыры мен міндеттерін анықтайтын нормаларды толықтыра алады, бірақ олардың күшін шарт арқылы жоя алмайды. Заң жүзінде алиментке құқысы жоқ жұбайға (бұрынғы жұбайға) неке шарты бойынша асырау қаражаты тағайындалуы мүмкін. Сонымен қатар неке шартында ерлі-зайыптылар неке кезеңінде, неке бұзылғаннан кейін де бір-біріне асырау қаражатының қандай негіздерде, мөлшерде, тәртібі мен мерзімде көрсетілетінін алдын-ала қарастыруларына болады[5].

Жоғарыда айтылғандай неке шартында жұбайлардың ажырасуға келіп тірелгенде, қай мүліктің кімге қалдырылып, кімге баратыны жайлы мәселе шешілуі мүмкін. Бірақ, бұл мәселеге байланысты шарттар неке бұзылғанда ғана күшіне енеді. Ал, егер неке жұбайының (зайыбының) қайтыс болу салдарынан тоқтатылса, онда азаматтық заңдардың мұрагерлік туралы арнаулы нормалары күшіне енеді. Әйтпесе, басқа тұлғалардың – мұрагерлердің (заң бойынша немесе мұрагерлік өсиет бойынша) мүдделеріне нұқсан келтірілуі мүмкін. Сондықтан, артта қалған ерінің (зайыбының) мүліктік құқықтары, неке шартында Азаматтық Кодекстің мұра алудың тәртібі мен негізі туралы нормаларға қайшы келмейтін бөлігінде ғана қарастырылуы мүмкін.

Ерлі-зайыптылар неке шартында мүліктік қатынастарына қатысты кез-келген ережелерді енгізулеріне болады, бірақ заңда көрсетілген шектеу негізінде. Сөйтіп, неке шарты «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексінің 40-бабы 3-тармағына сәйкес ерлі-зайыптылардың құқық қабілетін немесе әрекет қабілеттігін, олардың өз құқықтарын қорғау үшін сотқа жүгіну құқығын шектей алмайды; ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік емес жеке қатынастарды; ерлі-зайыптылардың балаларға қатысты құқықтары мен міндеттерін реттей алмайды; еңбекке қабілетсіз мұқтаж жұбайдың асырау қаражатын алуға құқығын шектейтін жағдайды көздей алмайды; ерлі-зайыптылардың біреуін өте қолайсыз жағдайда қалдыратын немесе неке-отбасы заңдарының негізгі бастауларына қайшы келетін басқа да жағдайларды қамти алмайды. Неке шартын жасаушылар өзара келісу арқылы шартты қалаған уақыттарында өзгертулеріне, толықтыруларына, бұзуларына болады және де бұған заңда ешқандай шек қойылмаған[6]. Ерлі-зайыптылар арасында келісім болмаған жағдайда, біреуінің талап етуі бойынша неке шарты Азаматтық Кодексте шартты өзгерту және бұзу үшін белгіленген негіздер бойынша соттың шешімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін. Неке шартын орындаудан біржақты бас тартуға жол берілмейді.

Неке тоқтатылған кезден бастап неке шарты өз күшін жояды. Әрине, неке тоқтатылған кейінгі кезеңге арналып көзделген міндеттерді қоспағанда. Неке шартын сот ҚР Азаматтық Кодексінде мәмілелердің жарамсыздығы үшін көзделген негіздер бойынша толық немесе ішінара жарамсыздеп тануы мүмкін.

Жалпы ережеге сәйкес неке шарты мерзімсіз болып табылады. Алайда, неке шартының белгілі мерзімге жасалуына заңмен тыйым салынбаған.

Қорытындалай келе неке шарты қазіргі заман қоғамында ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынастарының реттеуші бірден-бір құралы болып табылады. Неке шарты тәжірибеде кең қолданыста болса, ерлі-зайыптылар арасында күдікті сұрақтар тумайтын еді. Әрине, бұл шарттың өз кемшіліктері бар. Оған мысалы, егер неке шарты жасалатын болса ерлі-зайыптыларда некесінің бұзылу мүмкіндігі туралы ой келеді, бұл бірден отбасында теріс ойдың пайда болуына әсер етеді. Сондай-ақ, неке шартының жағымды жағына некенің фиктивті болмауын жатқызуға болады. Бірақ, неке шартының заңдық негізде жасалуына, оның тиімділігі мен пайдасына қарамастан елімізде бұл шарт әлі де кең қолданыста емес.

Қазіргі кезде неке шарты елімізде кеңінен таралмаса да, жұбайлар арасында сирек те болса жасалынатын шарт. Неке шартын жасаушы ерлі-зайыптылардың өте аз болу себебі, көпшіліктің неке шартының мәні мен мағынасын біле бермеуінде. Бұл шартқа ел арасында айтылып жатқан даулар да аз емес. Кейбіреулері неке шарты ажырасуды көзейтін құбылыс десе, енді біреулері бұл шарт қоғамымызға, мемлекетімізге мүлде қажет емес дейді. Бұған айтарым неке шартына отыру, некеге тұрушы және ерлі-зайыптылардың міндеті емес - құқығы. Егер жұбайлар неке шарты бізге керек деп шешсе- оны қолданады, керек емес десе өз еркі. Статистикаға сүйенетін болсақ, Қазақстанда 2014 жылдың I тоқсанында 100 некеден 34 айырылысу жағдайлары болған. Оның ішіндегі 5-еуі ғана неке шартын жасасқан[7]. Бұл шарт біздің қоғамға жаңашылдық болғандықтан болар, тәжірибеде көп қолданылмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі
2. «Неке және отбасы туралы» ҚазКСР кодексіне комментарий. Сүлейманов М.К., Мыңбаев К.Е., - Алматы, 1989 ж.
3. «Неке және отбасы туралы»Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 17 желтоқсан N 321-І
4. «Семейное право: Вопросы и ответы» Гришин И.П., Гришина И.И.. - М.: Юриспруденция, 2001. – 128б.
5. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсан
6. Нечаева А.М. Семейное право. Лекциялар курсы. - М.: ЮРИСТ, 2000.
7. <http://www.bala-kkk.kz/>

ӘОЖ 347.61/.64

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖӘНЕ ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ НЕКЕ ЖӘНЕ ОТБАСЫ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАЛАРЫНА САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Қамбарханова Акерке

k.akerke_1303@mail.ru

Л.Н. Гумилев Еуразия ұлттық университетінің студенті, Астана қ.
Ғылыми жетекші – Тулеубаева Г.Ж.

Отбасы – неке институты – адамдардың өмір сүру жағдайларымен олардың қабылдаған әлеуметтік нормаларымен және құндылықтарымен тығыз байланысы бар тарихи құбылыс болып табылады.Отбасы әлеуметтік бірлік ретінде, әрдайым әлемдік дамудың басты элементтерінің бірі ретінде қарастырылған. Отбасының басымдылығы идеологиясы, қоғам мен адамның өмір сүруі және дамуы үшін отбасының қажетті құндылығы көптеген нормативтік актілерде және әр елдің өзіндік заңнамасында бекітілген. Осындай салыстырмалы талдаулар жасау неке институтын және мемлекеттердің ұлттық отбасы саясатын жетілдірудің жолыдеп білуге болады. Бізбен Қазақстандық және жетекші шет елдердің, атап айтқанда АҚШ, Франция, Қытай,Ресей Федерациясының және т.б мемлекеттердің отбасы заңнамасында көрсетілген неке процестерінің ортақ объектілерін бірнеше позициялардан саралауға әрекет етілді.

Неке қию рәсімімен оның ерекшеліктері. Неке қию әр елде өзінің заңында тікелей көзделгендей әр түрлі жүргізілуі мүмкін, біреуінде діни болса, келесісінде мемлекеттік мекемеде тіркелу арқылы жүзеге асады. Бұдан басқа, кейбір мемлекеттерде неке қию рәсімінің екеуіде талап етілуі мүмкін.Осылайша, Британияда неке қию шарты ресми түрде жүргізіледі де, алдымен шіркеуде, христиандық дін қызметкерінің немесе оның өкілінің келісімін алғаннан кейін, көпшілікке хабардар етіледі [1,152].